

салтқа қатысы жоқ өлеңдер, с) лирикалық, эпикалық, сатиралық өлеңдер [14, 44-61]. Бұл айтылып отырғандар орыстың халық поэзиясына байланысты екені аян.

Бір ғасырға жуық Кеңес дәуірінің ықпалында болып, ғылым мен білім туралы таным-түсінігіміз сол бағытта болғаны белгілі. Тұтастай түркі халықтарының халық өлеңдері салыстырыла типологиялық, поэтикалық жағынан зерттелген жоқ. Әйтсе де, әр кез, әр шақта «қиядан шауып, қисынын тапқан» ғалымдар балалар фольклорына, эпостық жырларға, халық прозасына қатысты салыстырмалы тексерулер жүргізді.

Халық өлеңдеріне байланысты салыстырмалы зерттеулер көбінесе ескілікті наным-сенімінен туған өлеңдер болып, онда тәңірге, күнге, отқа табынуға қатысты туған өлеңдер негізге алынды. Бүгінгі таңда оқулықтарда «діни ұғымдарға байланысты туған өлеңдер» делінетін дүниелеріміз солар екендігін түсінеміз. Қалай десек те, зерттеуші ғалымдар еңбек-кәсіпшілікке, ескілікті наным-сенім өлеңдері, әдет-ғұрыппен байланысты туған өлеңдердің бәрінде тұрмыс-салт жырлары құрамында қарайтындығы оқулықтар мен бағдарламаларда жазулы тұрғаны шындық әйтсе де, бұның қисынсыз еместігіне қатысты дәлелді пікірлер барлығы мәлім. Кейде халық лирикасын тұрмыс-салт жырлары құрамында қарап, түрлі дәлелдер айтушылар да бар. Бір шындығы мүлде тұрмыс-салт өлеңдерінде лирика ұшыраспайды деуде ұшқары пікір екендігі талассыз. Тұрмыс-салт өлеңдері көбіне көңіл-күйге, адамның ішкі жан-сезіміне қатысты болып келеді. Мұнда да лиризм бар екені түсінікті. Тұрмыс-салт өлеңдерінің арқауы салтты дәріштеп, әдет-ғұрыпты уағыздауға негізделген. Лириканы батырлық, ғашықтық, тарихи жырлар мен діни дастандардан да табуға болады. Жанрлардың бір-бірімен араласуы ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиетінде де кездесетін құбылыс. Солай екендігі біз ашқан жаңалық емес. Таза табиғи лириканың болмысы қара өлең, ән өлең, тарихи өлең, хат өлеңдерінде көрінеді. Демек, тұрмыс-салт жырлары халықтың өсіп-өркендеу, үздіксіз өмір үшін күресте дамып, қалыптасқан шығармалар екендігі анық. Олай болса, ендігі әңгіме тұрмыс-салт жырларының шығу тегі мен дамуына арнайы тоқталу қажет.

Ендігі әңгіме сол бағытта өрбиді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей, ч.3.СПб. : Тип. Карла Крайя, 1832., 311 с.
2. ЦГАЛИ, 1883-1884, ф.776, оп. 20, д. №595, л. 18-19.
3. Диваев Ә. Тарту (құрастырған, алғы сөзін және түсініктемелерін жазған Флора Оразиева) – Алматы: - Ана тілі, 1992. – 256 б.
4. «Этнографическое обозрение», кн.III,1889, ст.73.
5. Образцы киргизской поэзии. – Оренбург, 1872. – 294 с.
6. Радлов В.В. Алтын сандық (Құраст., алғы сөз бен түсініктемесін жасаған – С.Қасқабасов, К.Ісләмжанұлы) – Алматы: Ана тілі, 1993. – 256 б.
7. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-бас., - Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
8. Ғабдуллин М. Қазақ халық ауыз әдебиеті. – алматы: Мектеп, 1974. – 315 б.
9. Байтұрсынов А.Әдебиет танытқыш/Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – Б. 137-298.
10. Абылқасымов Б. Телқоңыр. – Алматы: Ғылым, 1993. – 312 б.
11. Әлем. Бірінші жыл шығуы: альманах. – Алматы: Жазушы, 1991. – 496 б.
12. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы:Ғылым, 1974. – 288 б.
13. Пропп В.Я. Фольклор. Литература. История. – Москва: Лабиринт, 2002. – 464 с.
- 14.Лазутин С.Г. Поэтика русского фольклора. – Москва: Высшая школа, 1989. – 208 с.

**Тельман Ұ.Д.**, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, тарих факультеті, ИО-31к-20 тобы, студент.

(Ғылыми жетекшісі – тарих магистрі Смағұлов Н.Б.)

## **РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ СІБІР ВЕДОМСТВОСЫНЫҢ ХVІІІ ҒАСЫРДЫҢ 50-70 ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ШЫҒЫС АЙМАҚТАРЫНДА ЖҮРГІЗГЕН ҮШЖАҚТЫ САЯСАТЫ**

**Кіріспе.** ХVІІІ ғасырдың 30-40 жылдарында Орта жүздің көптеген билеушілері орыс протекторатын қабылдағанына қарамастан, олардың бағынуы нақты болған жоқ. Қазақстан шекарасында күшті және агрессивті Цин империясының пайда болуы күрделі саяси жағдайға және қазақтардың Ресейдің ықпалынан шығу қаупіне әкелді. Ресей империясының протектораты

кезіндегі Орта жүз қазақтарын өз билігінде ұстау шекара билігінің басты міндеті болды. Осы мақсатта Сібір ведомствосының әскери-әкімшілік органдары үш бағытта жұмыс істеді: аумақтық экспансия, дипломатиялық операциялар және сауда-экономикалық қатынастар.

**Мақаланы жазудың мақсаты** Қазақстанның XVIII ғасырдағы тарихының басты гео-саяси қарым-қатынастарының бірі, яғни қазақ-орыс қарым-қатынастарының XVIII ғасырдың 50-70 жылдары шиеленіскен тұсы – Ресей империясының қазақ жеріндегі сенімді түрдегі іс-қимылдарын зерттеу барысында деректерге, тарихи еңбектерге, документалдық фильмдерге және т.б. мәліметтерге сүйене отырып, Сібір ведомствосының әскери-әкімшілік ұйымдарының XVIII ғасырдың 50-70 жылдары жүргізген реформаларының себебі мен салдарын анықтау.

**Зерттеу жұмысы барысындағы міндеттеріміз:**

- Сібір ведомствосының әскери-әкімшілік ұйымдарының XVIII ғасырдың екінші жартысында жүргізген реформаларының себебін анықтау;

- Ресей империясының Қазақстанның орталық және шығыс аймақтарына қатысты жүргізген саясатына сипаттама беру;

- Ресейдің Сібір ведомствосының әскери-әкімшілік ұйымдары арқылы қазақ жерінде жүргізген үш жақты саясатының қорытындысын жасау.

**Хронологиялық мерзімі.** XVIII ғасырдың 50-70 жылдары.

**Мақаланы жазу барысында басты назар аударылған нысан.** Сібір ведомствосының әскери-әкімшілік ұйымдарының XVIII ғасырдың 50-70 жылдарында Қазақстанның орталық және шығыс аймақтарында жүргізген саясатына баға беру.

XVIII ғасырдың 40-жылдарында Ресейдің Орта жүз қазақтарының бағынуы нақты түрде болған жоқ, ал империяның шекара билігінің қазақтарға қарсы аймақтағы позицияларын нығайтуға нақты күші болмады. Қалден-Цереннің билігі кезінде жоңғарлар Ресей империясының Сібір шекара шебіндегі әскери бекіністері мен қоныстарына үнемі қауіп төндіріп тұрды. 1745 жылға дейін нақты әскери күшке ие болған жоңғар хандығы Ресейлік Оңтүстік Сібірдің едәуір аумағына билік жүргізуге дәмелі болды. Бұл жағдай XVIII ғасырдың 50-ші жылдарының басында, Жоңғарияда өзара қақтығыс басталған кезде ғана өзгерді, соның нәтижесінде жоңғарлар үшінші дәрежелі мемлекет деңгейіне дейін төмендеді. Осы уақытты пайдаланған қазақ билеушілері жоңғар тәйжілерінің билік үшін күресіне белсенді қатысты. Аймақтағы геосаяси және әскери қақтығыстарды бақылап отырған Ресей империясының генералиттеті мен саясатшылары Орта жүздің солтүстік территорияларын басып алуы қолайлы жағдайлар қалыптасты деп белсенді қимылға көшті. 1752 жылдың жазында Солтүстік Қазақстан жерінде Генерал С.В. Киндерманның басшылығымен 11 бекіністен тұратын Жаңа Есіл бекініс желісінің құрылысы басталды, оның бастысы Есіл өзеніндегі Петропавл бекінісі болды. Нығайтылған шекара құрылысының негізгі мақсаты Үй мен Ертіс шебін жалғастыру болды, нәтижесінде қазақтардан ені 50-ден 200 шақырымға дейінгі жер учаскесі мен атамекендері тартылып алынды [1, 238-239 б.].

1752 жылы маусымда Луцкпен Вологда полктерінің кавалериясымен Нотебург полкінің жаяу әскерлері, Есіл орыс-қазақтары мен шаруалары, барлығы 2 мыңға жуық адам Утяцкая слободасынан қазақ даласына жылжыды. Бұл әскери экспедициялар 1752-1753 жылдар аралығында үш бекініс салуы керек еді – Әулие Петр бекінісі (Петропавл), Полуденный, Лебяжье және сонымен қатар сегіз редут құруы керек болды. Жаңа бекіністерді қазірдің өзінде орнатылған бекініс шебімен байланыстыру үшін пошта бекеттерінің желісі құрылды. Үлкен отрядтың қазақ даласына шығуы туралы хабардың келуі, қазақ халқының туған жерлері мен атамекендерін тастап, оңтүстікке қарай жерлерге көшіп-қонуына алып келді [2, 75 б.].

Алтай таулы аймағында да Ресейдің басқыншылық саясатының салдарынан империяның кенеюі бұрынғыдан да күшейе түсті. 1752 жылдан бастап Ертістің жоғарғы ағысындағы Үлбі, Бұқтырма және Нарын бойындағы Оңтүстік Алтай жерлерінің Ресейге қосылуы ресми түрде жарияланды. 1760 жылы олар Өскемен бекінісінен Телецк көліне дейін бекіністер сала бастады. Келесі, 1761 жылы Өскеменнен Зайсан көліне дейінгі Бұқтырма шебінің бекіністері пайда болды. 1764 жылы Кузнецк-Колыван шебінің бір бөлігі Өскеменнен Тигерец заставасына көшірілді [1, 240-241 б.]. Осылайша, XVIII ғасырдың 60-жылдарында Қазақстандағы шекараның шығыс қанаты орыс бекіністерінің бірнеше шебінен тұратын қуатты бекіністі ауданға айналды.

1764 жылы Сібір шекара бекіністерінің қорғаныс қабілетін арттыру үшін Азов драгун полкі – Петропавл бекінісі, Ревель полкі – Омбы, Троицк полкі – Ямышевск, Вологда полкі – Өскемен, Сібір полкі – Железинск, Томск жаяу әскер полкі – Өскемен бекінісіне қосымша жіберілді. Далалық артиллерия бөлімшелері Омбыға жеткізілді, «полктер негізінен жинақталы басқарылсын және әрқашан сәйкесінше тойтарыс беруге және ұрысқа дайын болсын... басқарылатын далалық

артиллерия өз қызметшілерімен олар өте қажет болмайынша бөлшектенбей және қажет болған жағдайда әр бөлімше бірге болсын» деген бұйрық берілді [3, 77 б.]. Бұл жағдайдың барысын патшайым Екатерина II генерал-лейтенант Шпрингерге 1769 жылғы 24 қазандағы жарлығы дәлелдейді: «қазақтар тарапынан болмашы дұшпандық әрекет басталысымен өз қалауыңыз бойынша зеңбіректері бар бірсыпыра мөлшерде тұрақты әскер жіберілсін және ондай тобырды дереу қуып таратып, күл-талқан етуге әмір берілсін. Сөйтіп олар әдепсіздігі үшін алдағы уақытта сіздерді мазасыздандыруға әсте де батылы бармайтындай етіп лайықты түрде жазалансын» [4, 87 б.]. Нақ сол жарлықта Сібір шептік бекіністеріне башқұрттардан жаңа әскери командалар жіберуге пәрмен етілді.

Сонымен бірге шекара билігі қазақтарды шекара маңындағы аудандардан ығыстыру шараларын қабылдады. 1755 жылы Сыртқы істер алқасы Сібір билігіне қазақтар «Ертістің бұл жағына өтпеуі үшін, бұл ауысу олардың әдетіне енбеуі үшін» арнайы жарлық шығарды. [3, 37 б.]. 1764 жылы қазақтарға Ертіске 10 шақырымға, ал орыс бекіністеріне 30 шақырымға жақын қоныс аударуға қатаң тыйым салынды. Келесі жылы бекініс коменданттарына қазақтарды Тобылдағы Звериноголов бекінісінен бастап Өскеменге дейінгі барлық шекара бойындағы 10 шақырымдық ауданға жібермеуге нұсқау берілді, бұл оларды 13 500 шаршы шақырым жақсы жайылымнан айырды [1, 254 б.].

**Ресейдің Орта жүз аумағындағы дипломатиялық қызметі.** 1756-1757 жылдардағы қазақ-қытай соғысы Ресейді Орта жүзде дипломатиялық қызметті жандандыруға мәжбүр етті. Қазақ даласында циндердің күшею қаупі өте күшті болды, сондықтан бұған алаңдаған шекара билігі ең ықпалды қазақ билеушілерін өз жағына тартуға тырысты. 1758 жылы наурызда Сыртқы істер алқасы былай деп жазды: «Абылай сұлтанға оны Қытайдан бөлу туралы өтініш жасады... Ұлы мәртебелі императорға ұзақ қызметі үшін... олар оған өзінің адалдығының белгісі ретінде қылыш беретінін айтсын» [5, 751 б.]. Сонымен бірге шекара әкімшілігі Орынборда Ресейге адал қызмет еткен Нұралы хан мен Абылай сұлтанның кездесуін ұйымдастыруға тырысты. Осы мақсатта 1758 жылдың мамыр айының соңында Ю.Гуляев Орта жүзге жіберілді, бірақ Абылай хан орыс шекарасына барудан бас тартты. Ол Орта жүз қазақтарынан Қытай-Ресей қақтығысы кезінде кімнің жағында болу керектігін сұрағанда, ол бейтараптық көзқарасты ұстанды. Сібір губернаторы Ф.И. Симонов Сыртқы істер алқасына: «Қытай ханы қытай армиясымен соғысып, Ресеймен келісім-шартқа отыруға ниетті... Қытай императорына жіберілген қазақ елшісі соғыс басталған жағдайда Ресей әскерлеріне де, қытайларға да көмектеспейтіндерін айтты» [4, 195 б.].

Абылай ханды Ресейдің қол астында сақтау үшін Үкімет оны Орта жүз ханы деп жариялау туралы шешім қабылдады. Осы мақсатта И.Ураков пен Ю.Гуляевтің елшіліктері Қазақ хандығы территориясына жіберілді. Олар Абылайды өзін хан ретінде растау үшін Ресей патшайымына жүгінуге көндіруі керек еді. Сұлтанды қаржылық және моральдық ынталандыру үшін оған жылдық жалақы тағайындалды, бірақ үміттер орындалмады және Абылай Ресейдің қолынан хан атағын алудан үзілді-кесілді бас тартты [3, 25-26 б.].

1768 жылы оған Сібір бекіністі шебі әскерлерінің қолбасшысы И.И. Шпрингердің елшілері келіп, балаларының біреуін аманатқа беруді сұрағанда, Абылай бастартқан жоқ, тіпті елшілерді «егер ол ұлын осындай жерге жібере алса, оны өзі сол жерге апарғысы келеді» деп сендірді, бірақ шынына келгенде, Ресей аманатына Абылай хан көнбеді [5, 32 б.].

XVIII ғасырдың 50-60-шы жылдарында Орта жүзге жіберілген көптеген елшіліктер Ресейдің осы аймаққа орнығуына ешқандай ықпал еткен жоқ. Барлық елшілер қазақтардың Ресейге бейбіт көзқарасы туралы айтты. Осылайша, 1761 жылы Абылайға келген башқұрт Ш.Абзанов қазақтардың Ресейге қатысты «жаман ниеті жоқ» деп мәлімдеді [5, 56 б.].

1763 жылы Ураков пен Гуляев Абылай хан мен Қазыбек бидің «баяғыда... бүкіл Орта ордамен бірге ол баталы ханның ұлы мәртебелі Ресей империясының патшайымына мәңгілік Ресейдің боданы болуға ант бергенін әлі есіне алды, енді ол одан бас тартпауға ниетті» екенін айқындады [6, 24 б.]. 1764 жылы Арапов, содан кейін Ш.Абзанов, У.Абзанов және М.Өтешев Орта жүз қазақтарының Ресейге қарсы дұшпандық ниеті жоқ екенін тағы да растады. 1767 жылы башқұрт ақсақалдары Қ.Абзанов, А.Құрманов және В.Түнғатаров Абылай өзінің солтүстік көршісінің қамқорлығынан бас тартпайтынын тағы да көрсетті. Сонымен бірге Абылай ханның шебер сыртқы саясат жүргізу тактикасының барысында орта жүз қазақтарының Ресейге бағыныштылығы тек сөз жүзінде, яғни дипломатикалық айла-тәсәл ғана болды. Шын мәнінде Абылай ханның заманында орта жүз бен ұлы жүз қазақтары еркін және тәуелсіз болды.

Зерттеуші А.И. Левшин: «Қазіргі заманғы қазақ билеушілерінің ішінен Абылай хан өзінің түсінігімен, айлакерлігімен және тәжірибесімен, белгілі ақылдылығымен өзіне бағынышты

халықтың күш-қуатымен салыстырмалы түрде алғанда Ресей патшайымынан артықшылығы бар. Ол өзі, қажет болған жағдайда, бір кездері орыстардың, ал бір кездері қытайлардың боданы болды. Нақты жағдайға келгенде Абылай хан тәуелсіз билеуші болды» [7, 46 б.], – деп жазды.

**Орта жүз қазақтарының Ресеймен сауда-саттық қатынастары.** Ресей билігі алдымен өзінің экономикалық әлеуетін дамытып, зауыт-фабрикаларының өнім өндіру көрсеткіштерін көтермей Орталық Азия жеріне бару мүмкін емес екенін жақсы түсінді. Сондықтан бұл мәселені ежгей-тегжей түсінген ғалым М.В. Ломоносов: «Мемлекеттердің тыныш өмірі, даңқы мен өркендеуі үш бастауда негізделді. Біріншісі – ішкі бейбітшіліктен, өз субъектілерінің қауіпсіздігі мен ризашылығынан; екіншісі – жауға қарсы жеңісті жорықтардан, тиімді және сындарлы дипломатиялық келісім жасасудан; үшіншісі – бағынышты елдерге байлығы мен материалдық күш-қуаты мол саудагерлердің керуендерін үздіксіз жіберуден» [7, 48-50 б.], – деп тұжырымдай отырып, нақты жағдайға әділ баға берген.

XVIII ғасырдың 50-ші жылдарының басында Троицк бекінісіндегі сауда орталықтары өзідерінің стратегиялық маңыздылығын жоғалта бастады. Қазақтардың ресеймен сауда-экономикалық байланыстарын тұрақты түрде жақтаған тобы бұл жағдайды түсіне бастады. Мысалы: 1752 жылы Жаңа Есіл шекарасының бойындағы әскери бекіністерді кесіп өтіп, Ресейдің ішкі аудандарынан тауар алуға жолға шыққан 500-ге жуық қазақ саудагерлерінен тұрған керуен ешқандай нәтижесіз өз ауылдарына бос оралды [7, 52 б.].

XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Орталық Азияда геосаяси жағдай күрт өзгерді. 1757-1758 жылдардағы Цинь империясының Жоңғар мемлекетін түбегейлі талқандап, халқын қырғынға ұшыратуы себебінен, қытайлардың батысқа қарай жаулап алушылық саясаты кең масштабқа қарай өзгерді. Абылай хан мен Қаздауысты Қазыбек би бастаған белсенді тобы Цинь империясының жаулаушылық саясатына қарсы сәтті соғыс-қимылдарын жүргізді. Қазақ билеушілерінің бұл тегеуінді әрекетінен кейін Цинь империясы қазақтарға қарсы саясатын өзгертіп, Орта жүз қазақтарымен бейбіт-сауда экономикалық байланыс орнатуға мүдделі екендіктерін дипломатикалық жолдармен білдірді. Абылай ханның бастамашылығымен Қазақ хандығы мен Пекин сарайы арасындағы елшілік байланыстар жанданды. Осының салдарынан XVIII ғасырдың 50-жылдарында қазақтардан жылқы сатып алуға ұмтылған Цинь империясымен сауда жақсара бастады.

Соған қарамастан қазақ саудагерлері Троицк қаласына келуді жалғастыра берді XVIII ғасырдың 60-жылдардың басынан бастап қазақ-орыс қарым-қатынастары қайтадан оң өзгеріске қарай жақындап, сауда байланыстары жақсарды. Осы жағдай туралы 1761 жылы Троицк бекінісінің әскери басқарушысы: «Орта орда қазақтарымен жәрмеңке жақсы өтіп жатыр, және сауда жасауға Азиялық саудагерлер де келеді», – [7, 58 б.] деп орталыққа хабарлама жіберген.

**Қорытынды.** XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Орта жүз хандығына байланысты Сібір шекаралық өкімет орындарының саясатын сипаттай келіп, Орынбор әкімшілігінің саясатына қарағанда оның жалпы алғанда неғұрлым жұмсақ әрі икемді болғанын атап өтеміз. Әрине мұны Сібір бастықтарының әлдебір ерекше бейбітшілдігі емес, қайта ең алдымен, Ресейдің осы аймақтағы әскери тұрғыдан әлсіздігі және мұнда қауіпті бәсекелес – күшті және агрессияшыл Цинь империясының болуы туғызған еді. Кіші жүзбен салыстырғанда, Орта жүз бен Ұлы жүз қазақтарының неғұрлым топтасқандығы және әуелі сұлтан, ал сонан соң хан Абылай сынды күшті көшбасшының болуы маңызды зор фактор болды. Абылай ханның билігі жылдарында Орта жүздің Ресей империясынан толық тәуелсіз болғанын кейінгі зерттеушілер де растайды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. А., 1996. – 656 с.
2. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. В пяти томах, т. 3. А., 1979. – 558 с.
3. Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVIII – первая треть XIX в. Сборник документов и материалов. Археографическое введение К. Ш. Хафизовой (в соавторстве с В. А. Моисеевым), историческое предисловие, перевод китайских источников и подготовка научного комментария К. Ш. Хафизовой. А., 1989, ч. I. – 216 с.
4. Сулейменов Б. С., Басин В. Я. Казахстан в составе России в XVIII – начале XX века. А., 1981. – 247 с.
5. Витевский В. Н. И. И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе с 1758 г., т. 3. Казань, 1897. – 361 с.
6. Материалы по истории Казахской ССР, т. IV, М.-Л., 1940. – 543 с.
7. Ибрагимов С. К. Из истории внешнеторговых связей казахов в XVIII веке. // Ученые записки Института востоковедения. М., 1958, т. 19. – 54 с.